



Шалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі
Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы

Мақсаты:

Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, оқушылардың жан-жақты дамуы мен тәрбиесіне ата-аналарды белсенді қатыстыру.

Міндеттері:

1. Ата-аналарды мектеп өміріне белсенді араластыру;
2. Тәрбиелік іс-шараларға ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету;
3. Мектеп пен отбасы арасындағы өзара сенім мен серіктестік орнату;
4. Оқушылардың қауіпсіздігі мен тәртібін қамтамасыз етуге атсалысу;
5. Әлеуметтік көмек пен демеушілік жұмыстарын ұйымдастыру.

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Айы	Іс-шара атауы	Мақсаты	Формасы	Жауаптылар
1	Қыркүйек	Ата-аналар комитетінің алғашқы отырысы	Комитет мүшелерін бекіту, жылдық жоспарды талқылау	Жиналыс	Сынып жетекшісі, комитет төрайымы
2	Қазан	«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру	Пікірталас	Сынып жетекшісі
3	Қараша	Аз қамтылған оқушыларға көмек акциясы	Қайырымдылық пен бірлік сезімін тәрбиелеу	Акция	Ата-аналар комитеті
4	Желтоқсан	«Бала қауіпсіздігі – ортақ жауапкершілік»	Үй мен мектептегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру	Дөңгелек үстел	Сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог
5	Қаңтар	Мектептегі	Оқушылардың	Талдау	Комитет

		тәртіп пен сабаққа қатысу мониторингі	сабаққа қатысу белсенділігін талдау		мүшелері
6	Ақпан	«Отбасындағы әдеп пен сыйластық»	Отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін арттыру	Тренинг	Сынып жетекші, ата-аналар
7	Наурыз	«Ата-аналар мен балалардың шығармашылық көрмесі»	Отбасылық бірлікті нығайту	Көрме, жоба	Комитет мүшелері
8	Сәуір	«Балаға үлгі болу – ата-ананың міндеті»	Ата-аналар мен оқушылар арасында өзара сенімді арттыру	Ашық жиналыс	Сынып жетекшісі
9	Мамыр	«Жыл қорытындысы және ұсыныстар»	Комитет жұмысының нәтижесін шығару	Қорытынды жиналыс	Комитет төрайымы

Күтілетін нәтиже:

- Ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастық нығаяды;
- Оқушылардың тәртібі мен үлгерімі жақсарады;
- Әлеуметтік, мәдени және тәрбиелік іс-шараларға ата-аналардың қатысуы артады;
- Мектеп ұжымы мен ата-аналар арасында сенім мен өзара түсіністік қалыптасады.